№28
(7765)

16 шілде,
Сейсенбі,
2019 жыл.

uil-gazet@mail.ru

Ойыл

аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1930 жылдың қараша айынан бастап шығады.

АУДАН ӘКІМІ АРДАГЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

ӨТКЕН АПТАДА АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН КІТАПХАНАДА АРДАГЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСТІ.

Онда ауданның әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері мен алдағы жоспарларына тоқталды. Сонымен бірге ардагерлердің ақыл-кеңестерін тыңдай отырып, еліміздің көркейіп, өсіп-өркендеуі үшін бірлесіп, ауызбіршілікте жұмыс жасауға шақырды.

Толығырақ тарқатсақ, ауылдың көркеюі, көгалдандыру жұмыстары мен селоның ішкі жолдарын асфальттау жөнінде және мал күтімі мен қысқы мал азығын осы кезден даярлап алу жөнінде көбірек айтты. Аудан басшысының алдағы жоспарларын құптап, жұмысына сәттілік тілеген ардагерлер бірнеше ұсыныстарын ортаға салды. Өтеген Сағатов мал өрісінің тарлығын қозғай отырып, ардагерлердің әр апта сайын аудан әкіміне шаба бермей қоғамда кейбір мәселелерді өзара талқылап, кеңес құратын арнайы ғимарат сұрады. Елдің бірлігі мен тыныштығы үшін әрдайым, әр сөзін түйіндеп сөйлеген өнегелі ақсақалдарымыздың бірі Қуаныш Әміров Қайыңды ауылдық округіне қарасты «Мұқан бөгетіндегі» кикілжіннің алдын-алуға ұсыныс жасады.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ.

АУДАН ӘКІМІНІҢ СЕНБІДЕГІ САПАРЫ

Қараталдықтардың басты мәселесі - жол екені бірнеше жылдан бері айтылып келеді. Мұндай мәселе көп қаражатты қажет ететіндіктен тез арада шешімін таппайтыны тағы рас. Әйтсе де, өйгілі диқан, ақ тарының атасы Ш.Берсиев пен сыныққшы Сүлеймен өулие жатқан киелі топырақтың басты мәселесі шешімін тауып келеді. Қазіргі таңда жолды тегістеп, қатқылдандыру жұмыстары бітуге аз қалды. Сөтін салса, аталған жұмыстар толықтай аяқталысымен ел игілігіне беріледі. Міне осы орайда жолдың сапасына алаңдаған аудан әкімі Асқар Қазыбаев таң ертемен жасалынып жатқан жұмыстарды бақылап, толықтай аралап шықты. Жол жөндеушілермен тікелей жүздесіп, жолдағы кейбір ой-шұқыр жерлерді реттеуді және оған төселетін қатқыл тасты қалыңдатып жаюды талап етті. Одан кейін аудан басшысы Асқар Қайырғалиұлы Барқынның батыс жақ бүйірінен орын алған балалардың жазғы демалыс лагеріне арнайы барып, бос уақыттарын табиғат аясында өткізіп жатқан оқушылармен кездесті. Әрі қарай «Ескі көпір» аталатын Ойыл өзенінің бойынан 6 гектар жер алып, қарбыз, қауын, қияр сынды өнімдерін егіп, түйір дөннен түйнек шығарып, еңбектеніп жатқан кәсіпкер Темірбек Жауынбаевтың бау-бақшасына арнайы ат басын бұрды. Қарбыз-қауынның бірнеше түрін еккен бағбанның жұмысымен танысты. Апталаған ыстықта маңдай терлетуге енжарлық емес, шыдамдылық керек. Сондықтан «Алма піс, ауызыма түс» деген болмайтын нәрсе екені шүбәсіз. Айта кетсек, туған жердің топырағына тамыр жайып, өзенімен суарылған табиғи таза өнімді сұраушылар көп. «Не ексең, соны орасың» демекші, Темірбектің өнімдері өбден пісіп тұр.

P.S.

Қазіргі таңда Темірбектің тәп-тәтті қарбыздары сатылымға шығарылуда.

Муса Әділбайұлы.

ӘРІ ҚҰНДЫ, ӘРІ ПАЙДАЛЫ ЕҢБЕК

«ОЙЫЛ. ТАРИХ АРХИВТІК ҚҰЖАТТАРДА» 1 БӨЛІМ. АЛМАТЫ-2019 ЖЫЛ, ПОЛИГРАФКОМБИНАТ» ЖШС-ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ ЖИНАҚҚА. ОБЛЫС ӘКІМІ О.ОРАЗАЛИН АВТОРЛАР ЕҢБЕГІН «ЖАС ҰРПАҚҚА ЛАЙЫҚТЫ ӨНЕГЕ, ТУҒАН ӨЛКЕ ТАРИХЫ ҚЫЗЫҚТЫРАТЫН АЗАМАТТАРҒА ПАЙДАЛЫ, АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ӨЛКЕ ТАРИХЫ МЕН ӘДЕБИ МҰРАСЫНДА ЛАЙЫҚТЫ ОРЫН АЛАТЫН ЕҢБЕК» - ДЕП ЖОҒАРЫ БАҒА БЕРГЕН.

Ойыл тарихына арналған бұл кітап тарихи- ғылыми хронологиялық төртіппен жинақталып, шығарылған. Сонысымен бағалы, құнды, өлкетану саласындағы жаңалық, авторлардың жетістік-жеңісі, еңбегінің жемісі. «Рухани жаңғыру», «Ұлы Даланың жеті қыры» бағдарламаларын орындауға қосылған еңбек, үлес. Жинақтағы мәлімет, деректер бұра тартпай, тарих қалай, солай қалпында жинастырылып, берілген.

Полиграфиялық тұрғыдан ұқыпты, жинақы, шрифттері үш түрлі болып басылса да анық, әдемі, көрнекті, қағазы ақ, сапалы түптеліп берік істелген, талапқа сай шығарылған баспа өнімі екен деп бағалауға болатын еңбек. Жинақ көлемі үлкен болса да жинақы. Әдебиеттерде сирек кездесетін суреттері, карталары, схема-сызбалары мерзімі ертедегі болса да анық, сапалы, түсінікті.

Жинақтың әрі көлемі де үлкен, әрі қамтитын кезеңі де кең екен. Ежелгі ерте заманнан, ғұн, сақ, сармат, қыпшақ дәуірлерінен бастап Ойыл аты Еділ бойын аралаған араб ибн Фадлан, Жайық жағасын жағалаған итальян Николо Маттео Поло жазбаларында, қазақ даласын желмаясымен желген Асан Қайғының толғауларында аталғанынан деректер келтіріп сол кездерден – 1917 жылға дейінгі аралықты қамтыған жинақ болып отыр. Бұл үлкен еңбек, кең, терең, ізденіс болып табылады. Бағалы сирек деректер жиналған. Республика, облыстар ішінде аудандар тарихында осындай көлемде хронологиялық жинақ бірінші рет шығарылып отырғанын атап айтқан жөн. Бұндай еңбекті бұрын ешкім Республика көлемінде дайындаған емес.

Ертеде тарихи оқиғалардың болған жерлері өзендер аттарымен байланыстырылып, жинақта Еділ, Жайық, Ойыл, Қобда, Елек, Жем, Сағыз т.б. өзендер Ойылмен байланысты аталып, Ойылдың ертедегі атау екендігін, Ойыл тарихи оқиғалар өткен өңір екендігін, ерте дүние өңірі екендігін көрсетеді. Кітапта қазақтың атақты хандары – Керей, Жәнібек, Есім, Қасым, Тәуке, Хақназар, Әбілқайырдың, Әйтеке бидің өмірі мен қызметінің жетістік, жеңістері жазылып, суреттері берілген. Бұл еңбектің мазмұнын байытып бағасын жоғарылатып тұр.

Еңбекте Кіші жүздің, Ақтөбе өңірінің тарихынан мол мәліметтер берілген. Сырымның, Исатайдың азаттық көтерілістері, Ойыл жәрмеңкесі, тарышы Ш.Берсиев, Ойыл даласындағы әлеуметтік нысандардың – мектеп, аурухана, почта, сауда орындарының салынуы, өңірдің саяси- экономикалық әлеуметтік – мәдени дамуы тарихы оқиғаларынан тың деректер молынан келтірілген.

Қазақтың ардақты ұлдары Алаш партиясының басшылары он тоғыз қайраткерлердің суреттерінің, Ресей мемлекеттік Думасының депутаттары болған он екі қазақтың аттары мен суреттерінің жарияланулы жинақтың ерекшелігі, әрі маңызды құндылығы.

Жинақтың бірінші бөлімі Петроградтағы 1917 жылғы ақпан революциясының дүпуінің Ойылға жету мен халықтың «Не болды?» - дегенімен аяқталады.

Олай болса, 1918 жылмен төуелсіздік кезеңі арасын қамтитын екінші бөлім тағы болады деген ой туындайды. Оны авторлар біледі.

Полиграфист Нұрлан Нұрымжанұлы Жұмағалиев, полковник Олег Геннадиевич Ярошенко автор патриоттар, кластас, 60 жасқа толған құрдастар. Еңбектері керемет. Азаматтардың еңбектеріне табыс, отбасыларына, амандық шығармашылық шабыт тілеймін.

Еркін ҚҰРМАНБЕК,
ҚР мәдениет қайраткері,
Ақтөбе қаласының
құрметті азаматы.

ӨРТ ҚАУІПІ АРТҚАН КЕЗЕҢДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

Халқымыздың өртті тілсіз жау деп айтуы негізсіз емес - себебі, өрт күтпеген жерден басталып, көптеген жылдар бойғы маңдай термен жиған терген дүние-мүлкінді лезде аяусыз жалмап өп-сөтте жоқ қылуы ғажап емес. Осындай тілсіз жаудан сақтанудың ең қарапайым жолы оның алдын-алу, және өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау.

Аудандық ТЖБ және өртке сөндіру қызмет бөлімі қызметкерлері аудан көлемінде өрттердің алдын-алу мақсатында түрлі шаралар атқарып келеді. Аудан тұрғындарына өрттердің алдын-алу мақсатында өрт қауіпсіздігін сақтау жөнінде жадна-малар таратылуда. Жоғарыда көрсетілген өрт қаупінің алды-алу жөніндегі шараларға қарамастан аудан көлемінде өрт оқиғалары өлі де азаймай келеді. Себебі немқұрайлылық мен бермеушілік жауапсыздық бар жерде өрттердің болуы қалыпты жағдай.

Жазғы күннің ысып, өрт қаупі күшеюіне байланысты аудан бойынша далалық өрттердің болу қаупі де ұлғаяды. Әрбір жекелеген азаматтар, түрлі меншік нысанына қарамастан ұйымдар басшылары, шаруашылық құрылымдар басшылары, өртке байланысты ойлы көзқараспен қарап, түрлі бағыттағы жолмен жүру кезінде шеккен шылымдарын көлік терезесінен лақтыра салмай - дұрыстап сөндіріп жүрсе, техникаларын жөндеуден өткізілген соң пайдаланып, уақытылы қарап тұрса, көптеген өрт оқиғаларының алдын-алуға болар еді.

Өрт қаупі күшейетін жаз мезгілінде, жолды жөндеумен күтуге тиісті жауапты мекемелер, кәсіпорындар жол жиегіне өскен құрғақ шөптерді қыруға міндетті. Себебі бұл шара да өрт қауіпсіздігін сақтаудың бірден-бір кепілі. Кей жағдайда бола қалған өрттер кезінде жолдың арғы жағынан басталған өрт орылмаған, қаулаған шөптерге тиіп екінші бетіне ұласып жатады.

Ойыл ауданының төтенше жағдайлар бөлімі

«АТАМЕКЕН» АЗЫҚ-ТҮЛІК ДҮКЕНІ АШЫЛДЫ

ӨТКЕН СӘРСЕНБІДЕ АУДАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАР ҚАТАРЫНА ЖАҢА АЗЫҚ-ТҮЛІК ДҮКЕНІ ҚОСЫЛДЫ.

«Атамекен» атты азық-түлік дүкенінің иесі жас кәсіпкер Бауыржан Мұхамбетқалиев. Қ.Сәтпаев көшесінің бойына сән берген дүкеннің сыртқы сәулеті көз тартады. Дүкен іші түгелдей заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Екі жерге салқындатқыш құрылғысы орнатылған. Енді бұл көшенің тұрғындары «сап-салқын, тап-таза дүкеніміз тұрғанда орталыққа қарай сабылып шаппаймыз» - дейді. Жақын жерден жаңа дүкен ашылғанына көбісі қуанышты. Әрдайым ауызбіршілікте болып, жиын-тойларын бірге атқарысатын Қ.Сәтпаев көшенің тұрғындары Бауыржанның қуанышымен бөлісіп, жаңа дүкенге көрімдіктерін жаудырды. Кәсібіне береке тіледі. Осындай сәтті назардан тыс қалдырмаған аудан әкімі Асқар Қазыбаев жас кәсіпкер Бауыржан Жөрдемұлы мен көше тұрғындарын жаңа дүкеннің ашылуымен құттықтады. Жаңа дүкеннің кермесін дүкен иесінің мыңжылдық құдалары Күншыққан Мұхамедияров пен Баймурза Габдуллин қиса, көршілері салт-дәстүрге сай шашу шашты.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ.

ОБЩЕСТВЕННЫЙ ФОНД «СЕМЕЙНАЯ АКАДЕМИЯ» ОБЪЯВЛЯЕТ ОНЛАЙН-КОНКУРС ЖАНҰЯМЕН САЯХАТ - ПУТЕШЕСТВУЕМ С СЕМЬЕЙ

12 июля 2019 года: Общественный фонд «Центр комплексной поддержки семьи «Семейная Академия» в рамках государственного гранта НАО «Центр поддержки гражданских инициатив» Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан объявляет о проведении онлайн-конкурса **Жанұямен саяхат - Путешествуем семьей** (далее – «онлайн-конкурс») в рамках социальной программы «ONEGE» по укреплению института семьи и продвижению семейных ценностей в РК в 2019 году.

Призовой фонд онлайн-конкурса **Жанұямен саяхат - Путешествуем семьей** составляет 9 подарочных сертификатов сети магазинов бытовой техники «Технодом» стоимостью 100 000 тенге каждый по одному для каждого региона.

Главное условие участия в конкурсе является публикация в социальных сетях фотографии всей семьи, сделанной во время семейного отдыха или путешествия, с оригинальной подписью или заголовком к фото с хэштегами #onege2019, #sayahat_+ (вместо знака + необходимо поставить номер своего региона, например, для Актюбинской области хэштег будет выглядеть так: #sayahat_04).

Победители онлайн-конкурса будут определены 1 августа в прямом эфире на официальных страницах ОФ «Семейная Академия»

Участниками онлайн-конкурса могут быть жители 9 регионов Республики Казахстан: Алматинская, Актюбинская, Кызылординская, Мангыстауская, Павлодарская, Туркестанская, Северо- Казахстанская и Западно-Казахстанская областей а также г. Шымкент.

Информацию об условиях участия в конкурсе можно найти в социальных сетях:

https://www.facebook.com/onege2019
https://www.instagram.com/onege2019/

Для справки:

ОФ «Семейная Академия» работает в Казахстане более 10 лет, его миссией являются: защита прав детей и поддержка института семьи через развитие в Казахстане инфраструктуры детства, повышение качества социальных услуг, ориентированных на семью и детей. С 2013 г. Фонд занимается реализацией проекта «Ребенок должен жить в семье» в целях решения задачи сокращения социального сиротства в Республике Казахстан; с 2016 года - развитием эффективных технологий помощи семье и детям, как основной механизм профилактики сиротства.

ДӘУІТ ҚАЛАЙ ПАЙДА БОЛДЫ?

Дәуіттің тұсында Ғайдуна деген қаланы ордалы жылан басады. Олардың көптігі сондай, күрек басындай жерге он жылан сияды екен. Қарсы келген адамды өлтіріп, бет қаратпапты. Күресуге дәрмені қалмаған патша ақсақалдарды жинап, кеңеседі. Қариялардың бірі: – Дәуіт пайғамбардан көмек сұрайық. Аллаға тілегімізді жеткізіп, мына пәледен құтқарсын, – деді. Оның сөзін бәрі қоштады. Сөйтіп Дәуітке хабаршы жіберілді.

Дәуіт Мақпар тауында ұста екен. Хабаршы ел тілегін айтып, көмек сұрайды. Дәуіт кеудесінен бір түйме үзіп алады. Оны төске қойып, балғамен үш рет ұрады. Түймесі жөндікке айналады. Оны хабаршыға беріп:

– *Қалаға кіргенде босат. Жыланды қуып шығады,* – деді.

Халқы Дәуітті күтіп отырады. Хабаршыны көріп:

– *Дәуіт қайда?* – деп сұрады. Жігіт жөндікті көрсетіп:

– *Міне,* – деді. Жөндік секіріп түсіп, жыландармен айқасқа түседі. Қылыш қолымен жыланның көзін ойып, қаладан қуып шығады.

Ерлігіне риза болған ел оны «Дәуіт», «Дәуіттің жөндігі» деп атап кетеді. Оған қасиетті, киелі деп құрмет көрсетеді. Үйге дәуіт келсе, пәле-жала есіктен кетеді, құт төбеден келеді дейді. «Дәуіт бар жерде жылан жүрмейді», «Дәуітті жер төуір жер», «Дәуітке көзінен айрылар жылан кездеседі», «Дәуітті төу еткен құр қалмас» деген төмсіл сөздер осыдан қалыпты.

«САЛТ-ДӘСТҮР СӨЙЛЕЙДІ» кітабынан.



БҮГІНГІ КҮННІҢ ЕРТЕҢ-АҚ КЕШЕГІГЕ АЙНАЛЫП, КЕШЕГІҢ БАҒЗЫҒА КЕТУМЕН ЗУЛАП ӨТІП ЖАТҚАН УАҚЫТ ШІРКІН АДАМ ЖАРЫҚТЫҚТЫҢ ӨТКЕННІҢ ЕСІНЕ БІРІН САЛСА, БІРІН САЛМАЙ ҰЗАЙ БЕРЕДІ. БИЫЛ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ ЖЕҢІСПЕН АЯҚТАЛУЫНЫҢ 74 ЖЫЛЫ АТАП ӨТІЛДІ. ОЛ СОҒЫСТЫҢ МӘНІ МЕН МАҒЫНАСЫ БҮГІНДЕ ӘР ҚЫРЫНАН ҚОЗҒАЛЫП, ӘРТҮРЛІ БАҒА БЕРІЛІП ЖҮР. ҚАНДАЙ МӘНДЕ АЙТЫЛСА ДА, ҚАЛАЙ БАҒАЛАНСА ДА ЕЛДІ ФАШИЗМНЕН ҚОРҒАУДЫҢ СОЛ ҚАНДЫ ҰРЫСТАРЫНДА ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ МИЛЛИОНДАҒАН ҰЛАНДАРЫ ДА ЕРЛІК ПЕН ӨРЛІКТІҢ ӨНЕГЕСІН КӨРСЕТІП ШАЙҚАСТЫ. ҚАЗАҚ ЕЛІНДЕ ДЕ СОЛ СОҒЫСТЫҢ ЗАРДАБЫ ТИМЕГЕН БІР ДЕ БІР ОТБАСЫ ЖОҚ, СОЛ СЕБЕПТІ ДЕ СОҒЫС ӘР ОТБАСЫНЫҢ ЖҮРЕГІНЕН ӨТКЕН ҚАСІРЕТ, ҚАЙҒЫ РЕТІНДЕ ЕСТЕ ЖҮРМЕК.

Ортада К.Е.Ворошиловтың жанында Мұхтар Әуезов. Сол жақта екінші тұрған І.Ермағамбетов (оны суреттен Роза есімді қызы таныды).

АҢЫЗ АДАМ – ІДІРІС ЕРМАҒАМБЕТОВ

Азаматтықпен өткен өмір

Жақында ақтөбелік журналист Балнияз Әжниязовтың орыс тілінде жазылған «От Ржева до Берлина» деген кітабы қолыма тиді. Кітап негізінен ұзақ жылдар бойы Ұлы Отан соғысы тарихының ақтаңдақ беті болып келген, қазақстандық жауынгерлерден құралып, ауыр шайқаста толық құрамына жанып қаза болған 100 және 101 дербес ұлттық атқыштар бригадаларының ерліктерін баяндауға арналған екен. Оның бұл мән-жайы аталған кітапта жанбар, оның үстіне нақ сол тары дақылын өсірушінің ауылында туып өскендіктен диқанның өмір жолын, орта көргендердің ара-тұра айтқандары бар, жарияланған естеліктер бар, білетін секілді едім. Енді міне, мына кітапты көргенде біліп отырмын осы күнге дейінгі баяндалған қай деректе де Шығанақты 1937-1941 жылдар аралығындағы өмірі нақ осы кезеңде аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметінде болып диқанның табысқа жетуіне көрінбейін деген де шығар, өлде сол жетпісінші жылдары партияның съездерімен қаулы-қарарларын басшылыққа алып жұмылудан басқаның мәні болмай, ұлы диқан да ескерусіз қалып бара жатқанда, бұ дүниенің жалғандығын сезініп үміті азайтты ма, өмірден сөйтіп үнсіз өткен. Алайда қайран ерді ұмытпау қалған ұрпаққа парыз. Ойыл өңірінде «Ақыл айту жоқ, еске салу бар» дейтін сыпайы, бірақ салмақты әрі сөз, әрі ой бар.

Талантливый самоучка, хорошо изучивший жизнь проса

Чаганак Берсиев первым начал поход за высокие урожаи проса на поливе. Но уже в дни Великой Отечественной войны 1941—1945 гг. у него нашлось много последователей.

Тысячи людей подхватили, разнесли и умножили его опыт, его приемы. Берсиев в своем мастерстве дошел до такого совершенства, когда стираются грани между глубоким научным исследованием и практикой.

На участке Чаганака Берсиева.

(Слева—направо) секретарь райкома КП(б) К т. Ирмагамбетов, звеньевой к—за «Курман» Ч. Берсиев, председатель колхоза т. Утегенов

Песня о героях труда

Стахановцы сева, герои труда,
Герои, хранящие зорко стада,
Герои заводов, герои полей,
Прислушайтесь к песне правдивой моей.

Вам, патриоты, земли мастера,
Звонко поет золотая домбра,
Смотрите, кругом зачернела земля,
Свободны от снега родные поля...

Колхозник Берсиев в ауле родном
Поля заливает отборным зерном,
Прославленный, знатный в стране просовод
Ряд лет урожай небывалый берет.

4

Шығанақ Берсиевтің учаскесінде. Солдан оңға қарай: аудандық партия комитетінің хатшысы І.Ермағамбетов, Ш.Берсиев, колхоз төрағасы Өтегенов

Идош АСҚАР
Ардагер-журналист, «Шығанақ Берсиев» кітабының авторы

* * *

1968 жылдын 26 наурызы күні Ақтөбе облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Н.Журин қол қойған шешім қабылданып, 1931 жылдан бері СОКП қатарында болған ардагер кейіпкерімізге республикалық дәрежедегі зейнетақы тағайындау туралы ұсыныс Қазақ КСР Министрлер Кеңесіне жолданған, осы ұсыныс жоғары жақта қабылданған.

Ал осы жылдың 10 қыркүйегінде облыстық партия комитеті тағы бір қаулы қабылдаған. Онда «Орқаш» кеңшарының партия комитетінің хатшысы Ідіріс Ермағамбетовтің зейнеткерлікке шығуына байланысты оның орнына Кеңес Бірмановты тағайындау туралы Мұғалжар аудандық партия комитетінің ұсынысы қабылданып, облыс басшысы Н. Журиннің қол қоюымен ресми бекітіледі.

- Ия, ақсақалдың батасымен орналасқан бұл жұмыс аз уақыттан кейін маған қызметте жоғарылауға себеп болды,- дейді ел сыйлаған ағамыз Кеңес Баймұқанұлы. — Ідіріс ағамыз Отанына шын берілген патриот еді ғой.

Қазақ халқының даңқты ұлы Ідіріс Ермағамбетов соғысты кескілескен шайқас ортасы - Ржев қаласы түбінде атақты 101-бригада құрамында бастады. Соғыстан кейін оның есімі ұмыт бола бастады, бірақ Ресейде оның аты гранит тасқа алтын әріппен ойылып жазылған. Ақтөбеде ер есімі атаусыз қалған.

Құжаттың қате рәсімделуінің кесірінен (Идрис – сын Алмаша), туу туралы куәліктегі тегінде бір әріптен қате кеткендіктен, ол Ирмагамбетов болып жазылған, ал бүкіл туғандары Ермағамбетов болған. Сол себепті біз архивариус Сағынышпен бірге оның жеке ісін өзер таптық.

Ідіріс Ермағамбетов өткен ғасырдың басында, 1908 жылдың 8 наурызында, бұрынғы Жұрын ауданының Красный Мадьяр *(кейіннен Калинин колхозы)* ауылында дүниеге келген. 1940 жылы М.И.Калинин қол қойған Жарлықпен өзінің алғашқы Еңбек Қызыл Туы орденін алғанда, кейін соғыс кезінде осы қайраткер атындағы жерде шабуылға қатысып, миллиондаған адам қаза тапқанда, тірі қалатынын білмеген болатын...

Өзінің жеке ісінде ол 1928 жылдың басынан келесі жылдың мамырына дейін Темір ауданының №51 ауыл кеңесінің хатшысы болғанын жазады. 1930 жылдың қазан айына дейін «Арзан» атты Ембі тұтынушылар қоғамының басқарма төрағасының орынбасары болған. *(Осы тартымды сөз сол кездің өзінде халық аузында болған екен ғой...).* Ал 1930 жылдың қазан айынан 1932 жылдың қазан айына дейін Ідіріс Өзбек ССР-ның Хива қаласында 8-атқыштар бригадасының 84-кавалерия полкы қатарында алғашқы әскери ілім алған. Бастапқыда қатардағы жауынгер, артынан бөлімше командирі болған. Сол күндері алған әскери шеберлігі оған соғыс кезінде өлім аузында тұрғанда өте қажет болатынын ол білмеген еді. Өз еліне қайтқан соң, ол алдымен Родниковкада рабкоопта, кейін конезавод табындарының аға бақылаушысы, яғни Ембі совхозының №52 фермасының меңгерушісі болып жұмыс істеген.

1931 жылдың желтоқсанында атты әскер қатарында жүріп, партия қатарына өтеді. Бұл жайт қайратты да жалынды жігіт үшін жаңа белестер ашады. Ең бастысы - ол жазалаушы семсерден құтқарады. Сол уақыт «халық жауы», «ұлтшыл-фашист» аудандық партия комитетінің 2-ші хатшысы Исмагулов Атынтай ұсынылған. (1941 жылғы 12 желтоқсандағы Ақтөбе облыстық партия комитеті бюросының №118 отырысының хаттамасы)

Бейбіт өмірдегі «Шығанақ» романының прототипі І.Ермағамбетов соғыста жүргенде де белгілі қазақ ақыны және журналисі өзі де атақты бригада жауынгері болған Құланбай Копишевтің 1981 жылы Алматыда жарық көрген «Қаһармандар» кітабының айбынды да батыл кейіпкері болды.

Ол туралы әйгілі «Вперед, батальон!» повесінде бригада командирлерінің бірі Хаким Бекишев пен журналист әрі осы бригаданың соғыс ардагері Шыныққұл Қарамер генов та жазған болатын.

І.Ермағамбетовтың қазақ ішінен шыққан оншақты майор шеніне дейін жеткендердің ішінде болуы да тегін емес. Оның ерлік істері туралы өмірінде белгісіз болған, тек соғыстан біраз уақыттан кейін «Память народа» сайтында жария етілген наградалық парақтары айтып бере алады.

Оның наградалық парағында: «1944 жылдың 3-5 наурызы аралығында Витебск облысының Ходолово деревнясы үшін болған шайқаста І.Ермағамбетов шықпастан екі бірдей жасауда командирлерге дұрыс бағыт беріп, жауынгерлерді шебер басқара білді. Мемлекеттік награда – «Отан соғысының» І-дәрежелі орденіне лайық.» деп жазылған. Осы жерде қажетті графаға 01.12.1942 жылы Ржев түбінде жараланғандығы туралы жазу бар.

Осы марапаттардан кейін Ақтөбеден шыққан болаттай қайратты майордың кеудесіне тағы да «Отан соғысының» ІІ-дәрежелі ордені мен «Қызыл Жұлдыз» ордендері тағылды.

Ідіріс Ермағамбетов соғыстан соң бірінші болып қазақтар ішінен В.И.Ленин атындағы екі мәрте Қызыл жұлдызды әскери-саяси училищеге жолдама алды. Осы оқу орнының бастығы генерал-майор Устинищев Андрей Федоровичтың қолынан «Германияны жеңгені үшін» әскери награда алды.

Еліне 1946 жылдың наурызында қайтып, соғыстан кейінгі өмірді қалпына келтіру жұмыстарына кірісіп кетеді. Құрылыста бір ай прораб болып, Жұрын аудандық партия комитетін екінші хатшысы қызметіне шақырылады. Содан алты жыл Қарабұтақ аудандық партия комитетін басқарады. Ол кез тың игеру қозғалысы басталған болатын. Білімі орташа, жоғары білімі жоқ Ідіріс ағаның жазған қағаздарында бір қате болмайтын. Бұл жоғары білім алған, бірақ сауаты төмен қазіргі жастарға үлгі боларлық жайт.

Қазақстан Республикасының орталық комитеті жанынан ашылған Республикалық екіжылдық жоғары партия мектебін 1954 жылы бітірісімен, ол Ырғыз ауданын басқарып, тың көтеру ісін жалғастырады.

1956 жылы алғашқы қазақстандық миллиард пұт астық алынды. Сол жылы республика көлемінде жүзден астам адам «Социалистік Еңбек ері» атағын алды, көбісі Ленин орденімен марапатталды. Солардың бірі – орденді майдангер Ідіріс Ермағамбетов.

Д.А.Қонаев өзінің «Менің уақытым туралы» кітабында «Республикаға К.Е. Ворошиловтың келуін күттік. Ол республикаға Ленин орденін табыстауы тиіс болатын. 14 қаңтарда салтанатты отырыста К.Е.Ворошилов республикаға Ленин орденін табыс етті.

1957 жылдың 15 қаңтарында К.Е.Ворошилов республиканың бірқатар жұмыскерлеріне ордендер мен медальдар табыстады. Ленин ордені Яковлевке, Журинге, Ташеневқа және маған берілді.» деп жазады.

Осы жазуға марапатталғандар ішінде сол кезде өзінің 60-жылдық мерейтойын тойлап жатқан ұлы қазақ жазушысы Мұқтар Әуезов та болды деп қосуға болады. Бұрынғы Ақтөбе облыстық партия комитетінің хатшысы А.Я.Попадьконың мұрағатынан алынған суретте біз ортада М.О. Әуезов пен К.Е. Ворошиловты көреміз. Отырғандардың арасында солдан төртінші болып Ж.Ташенев, ал оңнан үшінші болып Ф.Карибжановты көруге болады. Солардың ішінде біздің батыр да бар.

Ідіріс Ермағамбетовтың басынан өткен қиыншылықтары осымен аяқталған жоқты. Солардың салдарынан 50 жасқа жетпей оның денсаулығы сыр беріп, зейнеткерлік демалысқа шыққанға дейін жаңадан құрылған Embі және Уркачевский совхоздарына партия ұйымының жай хатшысы болып ауысады. 1974 жылы Ідіріс Ермағамбетов соңғы сапарға аттанғанда, оның еліне қосқан үлесіне риза болған жерлестері оны созхоздың орталық саябағына құрметпен жерледі.

Бір өкініштісі осындай қайраткер батыр адамның есімі Ақтөбе облысы энциклопедиясына енбеген.

Балнияз АЖНИЯЗОВ,
Қазақстан Журналистер Одағының Мүшесі.

9 сәуір 2015 жыл

4

Ел үшін аянба- ерлі
Жұрт үшін
Жігітті
Бауыржан Мо

Ідіріс ЕРМАҒАМБЕТОВ, 9 маусым 1945 жыл

Ніқіріс Ермағамбетов туралы жазылған мақала

СПИСОК ИМЕН ВОИНОВ 101 ОНСБ ИЗ УИЛСКОГО РАЙОНА. № ВОИНСКОЕ ЗВАНИЕ ДАТА РОЖДЕНИЯ КАКИМ РВК И КОГДА ПРИЗВАН ДАТА ВЫБИТИЯ ПРИЧИНА ВЫБИТИЯ МЕСТО ЗАХОРОНЕНИЯ

1.Аймуратов Амин рядовой 1921 Уилский РВК 16030 пропал без вести
2.Бодаков Шаймахан красноармеец 1921 Уилский РВК 13675 пропал без вести
3.Жубанов Шам красноармеец 1921 Уилский РВК
4.Жумагалиев Андагул красноармеец 1922 Уилский РВК 15674 убит
5.Кабиев Дильмухан красноармеец 1922 Уилский РВК 15674 убит д. Мишуково
6.Калиев Арыккул красноармеец 1914 (1919) Уилский РВК 15694 убит
7.Койшибаев Беренбай красноармеец 1922 Уилский РВК 15677 пропал без вести
8.Кусайнов Бургай красноармеец 1923 Уилский р-н Хобдинский РВК 15694 убит
9.Назаров Сармагамбет сержант 1923 Уилский РВК 15677 убит
10.Мергалиев Жайылхан красноармеец Уилский РВК
11.Нурсултанов Жумабай лейтенант 1920 Уилский р-н
12.Сабдешев Губайдулла красноармеец 1923 Уилский РВК 15675 пропал без вести
13.Сагимбаев Ирмухан военфельдшер 1914 Уилский р-н,а №10
14.Самарханов Жанай красноармеец 1905 Уилский РВК 15691 убит
15.Темиргалиев Сактаган красноармеец 1923 Уилский р-н Хобдинский РВК15695 убит с. Букарево
16.Туркеев Агайша красноармеец 1898 Уилский РВК 27.11.1942-20.12.1942 пропал без вести
17.Усманов Калий красноармеец 1921 Уилский РВК убит

АТТРАКЦИОНДАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы азаматтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ҚР СТ 3359-2019 «Аттракциондардың қауіпсіздігі. Енгізу кезіндегі қауіпсіздік талаптары аттракциондар ұйымдастыру жөніндегі қызметті реттейтін «аттракциондарды пайдалануға және пайдалануға беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бекітілсін. Көрсетілген стандарт халықтың демалуына арналған аттракциондарға қолданылады, олар мынадай түрлерге бөлінеді:

- механикаландырылған үдемелі қозғалыс аттракциондары (оның ішінде суды пайдалана отырып));
- механикаландырылған айналмалы қозғалыс аттракциондары;
- күрделі қозғалыстағы механикаландырылған аттракциондар;
- автодромдар мен картингтер;
- механикаландырылмаған аттракциондар;
- балаларға арналған аттракциондар;
- үрлемелі аттракциондар (үрлемелі жабдықтар: үрлемелі батуттар, төбешіктер, лабиринттер).

Аттракционды монтаждау мен ретке келтіруді мамандандырылған монтаждау ұйымдары оларда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы қызметті жүзеге асыруға лицензиясы (рұқсаты) болған жағдайда жүргізеді. Механикаландырылмаған аттракциондарды монтаждауды аттракцион иесінің техникалық қызметтерімен қажет болған жағдайда басқа ұйымдарды тарта отырып жүзеге асыруға жол беріледі.

Монтаж басталар алдында аттракционның конструкциялары мен жабдықтарын тексеру олардың жай-күйі мен жинақтылығын бағалау мақсатында жүргізіледі, сондай-ақ монтаж жүргізген ұйыммен бірлесіп, аттракционның техникалық дайындық актісі жасалады.

Монтажға арналған алаңға мынадай негізгі талаптар қойылады:

- аттракциондар орналасқан кезде жобалық және пайдалану құжаттамасында баяндалған алаңға, іргетасқа, басқа негізге және (немесе) топыраққа қойылатын талаптардың орындалуын сақтау;
- аттракционды көлбеу және (немесе) тегіс емес бетіне орнатуға (егер дайындаушы өзгеше көзделмесе) жол берілмейді;
- аттракцион алатындай орналасады және қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жолаушылар мен келушілерді кіреберісте және шығу аттракционы, болған, онда мен онымен қатар, сондай-ақ қауіпсіз эвакуациялауды авариялық жағдай туындаған кезде;
- басты өткелдерде аттракциондар арасында саудаойын-сауық орталықтарында орналасқан аттракциондардан басқа, арнайы машиналардың (өрт-құтқару, Жедел медициналық жәрдем және басқалар) кіруін қамтамасыз ететін бос кеңістік құрылады.;
-қатар орналасқан жер асты (жер үсті) инженерлік коммуникациялар (кабельдік желілер, электр беру желілері, су-көріз жүйелері және т.б.) есепке алынады. Егер коммуникациялар персонал немесе келушілер үшін қауіп көзі болуы мүмкін болса, мұндай қауіптілікті болдырмау үшін не пайдалану арқылы және тиісті түрде орналасқан кедергілерді, не өзге тәсілмен барлық орынды және ықтимал сақтық шаралары қолданылуы тиіс.;
- сұлбасын қауіпсіздік аттракционы жолаушылар үшін қауіпсіз аймақ үшін келушілер мен қызмет көрсетуші персоналдың сәйкес пайдалану құжаттамасының талаптары мен түйісетін отырып, контурами қауіпсіздік және қауіпсіз аймақтар аттракциондар қасында орналасқан.

Аттракцион пайдаланылатын әрбір алаң өрт қауіпсіздігі саласындағы НҚА талаптарына сәйкес оларға еркін қол жеткізуді қамтамасыз ететін орындарда орналасқан өрт қауіпсіздігі саласындағы өрт қауіпсіздігі саласындағы алғашқы өрт сөндіру құралдары бар өртке қарсы қалқанмен (құм салынған жәшік, күрек, Шелек, багор, суы бар бөшке) жабдықталады. Алғашқы өрт сөндіру құралдарының іс-қимылына дайындығын тексеру күн сайын жүргізіледі.

Ұлттық стандарт талаптарын сақтау иелерінің аттракциондардың техникалық жай-күйін күнделікті тексеру, оны Жұмыс журналында көрсету, тек майлау, реттеу және т.б. қоса алғанда, алдын алуды тұрақты жүргізу, сонымен қатар арнайы дефектоскопиялық тексеру қажеттілігін де қамтиды.

Қ.ОМАРБЕКОВА,
Ақтөбе облысы бойынша ТРМКД басшысы.

Ойыл аудандық әділет басқармасында 2019 жылғы 31 мамырда № 6222 болып тіркелді

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

29 мамыр 2019 жыл №304 Ойыл селосы

Аудандық мәслихаттың 2019 жылғы 4 қаңтардағы №251 «2019-2021 жылдарға арналған Саралжын ауылдық округ бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 9-1 бабының 2-тармағына, 106, 109-1 баптарына сәйкес, Ойыл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2019 жылғы 4 қаңтардағы №251 «2019-2021 жылдарға арналған Саралжын ауылдық округ бюджетін бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3-11-158 нөмірімен тіркелген, 2019 жылы 22 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1 тармақта:

1) тармақшасында:

кірістер - «47 829» сандары «54 057» сандарымен ауыстырылсын;

